

Республика соттарының азаматтар мен лауазымды адамдарға әкімшілік жаза қолдануға байланысты істер жөніндегі заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумы 1989 жылғы 29 қыркүйек N 7. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы N 18 Нормативтік қаулысымен.

Азаматтар мен лауазымды адамдарға әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыларға берілген шағымдар жөніндегі істер бойынша сот практикасын жинақтап қорыту нәтижелерін талқылай келіп, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумы мынаны атап көрсетеді: республика соттары осы категориядағы істерді қарауға көп көңіл бөле бастады, сот әділдігі және азаматтардың праволары мен заң қорғайтын мүдделерін право бұзушылықтан қорғау ісін жүзеге асыру деңгейі арта түсуде.

Солай бола тұрса да, соттардың жұмысында әкімшілік жаза қолдануға өкілеттік берілген органдар қаулыларының заңдылығы мен негізділігін, сот бақылауының тиімділігін төмендететін кемшіліктер әлі де орын алып отыр.

Осы категориядағы істерді кімдердің қарайтындығы туралы мәселені шешуде қателіктерге жол берілуде. Істерді сотта қарауға әзірлік толық жүргізілмейді немесе немқұрайды әзірленеді.

Сот мәжілісінде, іс үшін маңызы бар мән-жайлардың толық әрі жанжақты анықталуы әрдайым қамтамасыз етіліп отырмайды. Мерзімін өткізіп берген шағымдарды шешкен кезде, соттар мерзімінің өтіп кету себебі туралы және оны қалпына келтіру туралы мәселені талқыламайды.

Істерді қарау мерзімдері бұзылып отырады.

Көптеген сот биліктері, әсіресе олардың қорытынды бөліктері заң талаптарына сай емес.

Аталған кемшіліктерді жою және сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету мақсатында, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумы Қаулы етеді :

1. Азаматтар мен лауазымды адамдарға әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыларға берілетін шағымдарды қарауда елеулі кемшіліктер бар екендігіне соттардың назары аударылсын.

2. Қазақ ССР Азаматтық істер жүргізу кодексінің 24-тарауында белгіленген тәртіп бойынша азаматтар мен лауазымды адамдарға әкімшілік жаза қолдану

туралы әкімшілік органдарының (лауазымды адамдардың) қаулыларына берілген шағымдары қаралатыны осы органдар (лауазымды адамдар) Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексінің 23-статьясына сәйкес әкімшілік жаза қолдануға праволы екендігі түсіндірілсін.

Лауазымды адамдардың әкімшілік жаза қолдануға байланысты емес іс-әрекетіне берілген шағымдар Азаматтық істер жүргізу кодексінің 233-статьясында көрсетілген істердің қатарына жатпайды, оларды жоғары тұрған басқару органдары қарайды, ал осы кодекстің 24-тарауында белгіленген мән-жайлар болған жағдайда, оларды осы статьяның ережелері бойынша қарау қажет.

3. Әкімшілік право бұзушылық туралы кодекстің 281-статьясының 1, 2-бөліктері және 3-бөлігі бойынша, өзге органдардың (лауазымды адамдардың) штраф түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыларына берілетін шағымдар бойынша балама қарастылық белгіленген. Сондықтан сот, арыз беруші жоғары тұрған басқару органына шағым бергендігін (бермегендігін) анықтауға тиіс. Егер шағым бойынша, халық депутаттарының тиісті Советі атқару комитетінің немесе жоғары тұрған органының (лауазымды адамның) шешімі бар болса, ол Азаматтық істер жүргізу кодексінің 129-статьясының 1-бөлігіне сәйкес қабылданбауға тиіс.

Алайда әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы жөнінде сотқа, ал екіншісі (басқалары) жоғары тұрған басқару органына шағым берсе, келіп түскен шағымдардың бәрін халық соты қарайды, оның шешімі тұжырымды болады.

Мұндай жағдайда халық судьясы істі сотта қарауға әзірлеу сатысында дауды жоғары тұрған басқару органының қараған-қарамағанын анықтауға тиіс. Әкімшілік право бұзушылыққа қатысушылардың барлығы жөніндегі даудың қаралғаны анықталса, сот іс жүргізуді өндірістен қысқартады.

Сонымен қатар өзге органның (лауазымды адамның) өзге штрафтан басқа (жаза) Әкімшілік право бұзушылық туралы Кодекстің 281-статьясының 3-бөлігі қолдану туралы қаулыларына берілген шағымдарды, егер оларды бұған дейін жоғары тұрған (әкімшілік жаза қолданған адам жөнінде) орган (лауазымды адам) қараған болса, халық соты қарауы мүмкін. Егер шағымды жоғары тұрған басқару органы (лауазымды адам) алдын ала қарамаған болса, Азаматтық істер жүргізу кодексінің 129-статьясының 2-бөлігіне сәйкес сот өндірісіне қабылданбауы мүмкін.

4. Әкімшілік право бұзушылық туралы кодекстің 281-статьясының 3-бөлігіне сәйкес бір мезгілде негізгі және қосымша әкімшілік жазалардың бірін қолдану туралы қаулыға берілетін шағым негізгі жазаны қолдану туралы қаулыны қарауға праволы органға берілуі мүмкін және шағым қаулыға толықтай немесе оның бір бөлігіне ғана берілуі мүмкін.

5. Әкімшілік право бұзушылық туралы кодекстің 283-статьясына сәйкес сот тек қана осы Кодекстің 216-статьясында көзделген әкімшілік право бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қолдану туралы халық сотының қаулысына прокурордың берген наразылығын қарайды.

Басқа жағдайларда соттың қарауына жататын істер бойынша әкімшілік право бұзушылық туралы қаулыға берілген шағым жөніндегі іске Азаматтық істер жүргізу кодексінің 31-статьясы бойынша сотқа берілген прокурордың арызымен іс қозғалуы мүмкін.

6. Әкімшілік право бұзушылық туралы кодекстің 261-статьясында, осы статьяда көзделген әкімшілік право бұзушылықтың болғаны туралы протокол жасалады, егер право бұзушы оған қолданылған жазамен келіспесе, ал право бұзушылық жасалған жерде алынатын штраф право бұзушының ризалығымен төленген жағдайда ғана жасалатындықтан, штрафты дұрыс салмағаны туралы, оның кейін шағым беруі Азаматтық істер жүргізу Кодексінің 24-тарауының талаптарынан туындамайды. Сондықтан соттар мұндай шағымдарды қабылдаудан бас тартуға тиіс.

7. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыға Азаматтық істер жүргізу кодексінің 234-статьясында белгіленген 10 күн мерзім сақталмай шағым берілген ретте, оны қалпына келтіру туралы мәселе жеке қаралмай, істі қараған кезде шешілуі тиіс. Бұл мәселе жөніндегі соттың шешімі жеке документте емес, шағым бойынша қабылданған қаулыда көрсетілуге тиіс.

8. Істі сотта қарауға әзірлеу, оны заңды түрде шешудің негізгі шарты болып табылатындықтан, соттар атап айтқанда мынадай қажетті документтер талап ету үшін шаралар қолдануға тиіс:

а) әкімшілік право бұзушылық жасағаны туралы соған уәкілдігі бар орган (лауазымды адам) жасаған протоколды (актіні), ал әкімшілік право бұзушылық туралы істі коллегиялы орган қараған кезде (Әкімшілік право бұзушылық туралы Кодекстің 274-статьясы) оның мәжілісінің протоколын;

б) әкімшілік жаза қолдану туралы хұқықтығы бар органның (лауазымды адамның) қаулысын;

в) әкімшілік жауапқа тартылған лауазымды адамның праволары мен қызмет міндеттері туралы қызметтік нұсқауды немесе содан алынған үзіндіні;

г) азаматтардың белгілі бір категорияларын (мысалы, халық депутаттарын жауапқа тартқан ретте) әкімшілік жауапқа тартуға тиісті органдар берген жазбаша келісімді.

Істің мән-жайына қарай басқа да документтер (дәлелдемелер), егер олардың болмауы сот тергеуінің толықтығына және жан-жақтылығына ықпал ететін болса, олар талап етілуге тиіс.

9. Әкімшілік право бұзушылық туралы қаулыға берілген шағымдар жөніндегі істердің жан-жақты және объективті қаралуын қамтамасыз ету мақсатында соттар мыналарды тексеруі керек: жазаны заң негізінде және соған хұқықтығы бар орган немесе лауазымды адам қолданған ба; талап қойылған адамды оған жүктелген міндетті орындауға тартудың белгіленген тәртібі сақталған ба; жазаға тартылған адам әкімшілік жауаптылық белгіленген тәртіп бұзушылықты жасаған ба, және ол осы тәртіп бұзушылықты жасауға кінәлі ме; салынған штраф белгіленген ең көп мөлшерден артық емес пе, штраф мөлшерін немесе өзге жазалау шараларын белгілеген кезде жасалған теріс қылықтың ауырлығы, айыптының кім екендігі немесе оның мүліктік жағдайы ескерілген бе; жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар; жаза қолдану және әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындауға арналған ескіру мерзімі өтіп кеткен жоқ па.

10. Азаматтық істер жүргізу кодексінің 80-статьясының 10-бөлігіне сәйкес азаматтар, әкімшілік органдар және лауазымды адамдар әкімшілік-праволық қатынастардан туындайтын істер бойынша сот шығындарын төлеуден босатылған. Азаматтық істер жүргізу кодексінің 236-9-статьясында көзделген реттер бұған кірмейді. Сондықтан соттар әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыларға берілген шағымдарға мемлекеттік пошлина төлеуді талап етуге праволы емес.

11. Азаматтық істер жүргізу кодексінің 236-статьясына сәйкес егер штраф жасалған теріс қылықтың ауырлығы, айыптының кім екендігі және оның мүліктік жағдайы ескерілмей салынған болса, штрафтың мөлшерін сот азайтуға праволы. Алайда ол жазаның бір түрін басқа түрімен (мысалы, бас бостандығынан айыруды, штрафпен) немесе егер право бұзушы жауапқа Кодекстің басқа статьясы бойынша тартылғанын анықтаса, әкімшілік право бұзушылық туралы кодекстің басқа статьясы бойынша жаза қолдана алмайды.

12. Шағымды қанағаттандырған жағдайда қаулының қорытынды бөлігінде сот әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының бұзылғаны туралы, ал ол қанағаттандырылмай қалдырған жағдайда - қаулыны өзгеріссіз қалдырып, шағымның қанағаттандырусыз қалдырылғанын көрсетеді.

Азаматтық істер жүргізу кодексінің 236-статьясының негізінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыға берілген шағымдар жөнінде қабылданған шешім тұжырымды болып табылады және оған шағым беруге болмайды, бірақ оған сот қадағалау тәртібімен наразылық келтірілуі мүмкін.

13. Азаматтардың теріс мінез-құлқын, лауазымды адамдардың заңдылықты бұзу фактілерін, сондай-ақ әкімшілік органдарының және өзге мекемелердің, ұйымдардың, кәсіпорындарының қызметіндегі кемшіліктерді, әкімшілік право

бұзушылық жасаудың себептері мен жағдайларын толық анықтап, оларды болдырмаудың, алдын алудың жағдайын сот жеке ұйғарулар шығару арқылы әсер

етуге тиіс.

Мамандар:

(Қасымбеков Б.А.)

(Икебаева Ә.Ж.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК